



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№2-3

(886-887)

28 қаңтар

2022 жыл

САНА



Фото: Газеткер

ҰЛТТЫҢ ТАМЫРЫ НӘМ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАДІРЛЕУ

Алматының астаң-кестеңі шығып жатқанда кітап дүкені аман қалыпты. Жолындағыны жапырып, сөредегіні сыпырып, біреудің мал-мүлкін аяусыз тоңағандар жан азығын керек қылмапты. Дұрысы, тегін жатқан дүние, оңай олжа деп қарамаған.

Дәл сол күндері шетелдік ақпарат құралында жарияланған сұхбатта Шыңғыс Айтматов туралы айтылды. Әлем әдебиетінің көрнекті классигі шалғайдағы қазақ ауылына барады. Жолдай қолында каламгердің шығармалар жинағы бар балақайды көреді. Сөйтсе, заңғар жазушының осы арадан өтетінін біліп, қолтаңба алып қалғысы келген оқырман екен.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕЛДІК МҰРАТ

«Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық, Арам, айла, зорлықсыз мал табалық. Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік Бір білімді данышпан жан табалық...» Шәкәрім Құдайбердіұлының алғашқы шумағы осылай өрілетін «Жастарға» деп аталатын өлеңі бар. Ақын ізгілікке бастар жолды іздеуші жастарға «ақыл саққан» хәкім Абайдың бағдар беретінін меңзейді. Көңілге қаяу, жүрекке әжім түсірген кешегі қаңтар қасіретінде біздің жастарымыз қоғамда қараусыз қалғандай көрінді. Олай дейтініміз, бейбіт митингке шыққандардың мақсатын басқа арнаға бұрып әкетуші араңдатушыларға ілескендердің басым бөлігі – өрімдей жастарымыз.

Былтыр flprom.kz порталының жүргізген зерттеуі бойынша 2020 жылдың соңында, яғни төртінші тоқсанда біздің елде 15–28 жас аралығындағылардың ішінен 76 мың 600 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5 пайызға аз екен. Осы 76 мыңнан астам адамның 32 мыңы – ерлер, 44 мыңнан астамы – әйелдер. Қалаларда 48 мың жұмыссыз болса, ауылдық жерде 28 мыңнан асады. Әрине, мұндай статистиканы ай жаңаланғанда жауырыңға қарап санамайды. Жұмыссыздық бойынша тіркеуге тұрғандардың есебіне қарап шығарады. Индете іздеп, зерттейтін болса, қала мен ауылдардағы жұмыссыздардың саны әлдеқайда артып кетер еді. Жұмыссыз жастардың басым көпшілігі Алматыда жүр. Бұл да әлгі біз айтқан порталдың келтірген дерегі. Одан кейін Алматы мен Түркістан облыстары жастар арасындағы жұмыссыздық бойынша үштікте. Соңғы

ЖАСТАР ҚОҒАМДА ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК



кездері жұмыссыздар санының артуы солтүстік облыстарда да байқалған. Бұл қандай картинаны елестетеді? Әрине, көзбояушылықпен ашылып, артында жабылып қалатын өндіріс орындарын; ауылдық жерде тек медициналық мекемеде, мектепте, балабақшада, әкімдікте, ветеринарлық пунктте ғана тұрақты жұмысы бар жастарды; қалаға келіп уақытша күзет қызметіне, даяшылыққа, құрылысқа күш қосатын қалың топты көз алдына көлденен тартады. Кешегі қаңтардағы сойқанның салдары мен себебінің бір ұшы осы жастар мәселесінде, қоғамның қозғаушы күші, негізгі тірегі саналар буынның булыққан ашу-ызасында жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

СҰХБАТ

Кешегі қақтығыс кезінде арандап қалғандардың көбі жастар болды. Олардың айтпаққа еруіне не түрткі? Қандай факторлар әсер етті? Біз осы сауалдарды Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің әкімшілік-шаруашылық істері бойынша проректоры Ербол Шалановқа қойдық. Университеттегі қызметіне дейін ол 15 жылдай жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. Әлі де қол үзген жоқ. Шетелдік компаниялармен байланыс орнатқан. Шетел көрген, өз түйгені бар азамат жастарға қатысты мәселелердің қыр-сырынан хабардар.

Ербол ШАЛАНОВ, саясаттану магистрі, тарих ғылымдарының докторанты:

КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСҚАН ЖАСТАР ҚИЫНДЫҚТАН ҚОРЫҚПАУҒА ҮЙРЕНЕДІ



Jas qazaq: Ербол аға, қаңтардың басында орын алған оқиғадан әлі де ес жинай алмай жатырмыз. Бұл айтпаққа еріп кеткен жастардың еш мейірім көрмей, өмірден өз орнын таба алмай жүргенінен хабар бергендей. Сіз қалай ойлайсыз?

Е.Шаланов: Бұл негізі күрделі сұрақ. Жалпы осындай қақтығыс орын алған елдердің көпшілігінде негізінен жастар зардап шегеді. Өйткені жастар – қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан жастар мәселесіне баса назар аудару керек. Рас айтасыз, мәселе тереңдеп кетті. Жастар арасында жұмыссыздық көп, тұрмыстық қиындықтар мен қымбатшылық оларды түрлі жағдайларға итермелейді. Оны терең талдап, болжам жасайтын бірде-бір мемлекеттік мекеме, саяси институт жоқ. Ең болмағанда, сараптама жасай алатын үкіметтік емес ұйымдар да жоқ.

Үйде басқа тәрбие, ал қоғам мүлде басқа сияқты. Кім не айтса, соған еріп кететін солқылдақтық осындай пайда бола ма деп қоямын. Қазақ ұрпақ тәрбиесіне маңыз берген халық еді. Қазірде сол қазақи тәрбиеден алыстап кеткендейміз. Күнкөріс қамытын киген ата-ана баланы интернет пен көше тәрбиесіне беріп қойды. Қоғамдық тәрбиеде немқеттілік басым болып барады. Ал бұл сіз айттып отырған маргинал жастардың қалыптасуына алып келді. Құндылық атаулыдан алыстау тәрбиеленген бала үшін кез келген қоғамдық қиындық қарсылық тудырады.

Мемлекет өзінің ұлт алдындағы қалыптастырушылық функциясын аздап жіберіп алды. Басты жоспарға экономикалық алғышарттар шығып кетті де, ұлттық код кенжелеп қалды. Бұл – өте қауіпті құбылыс.

(Жалғасы 4-бетте)

BEIJING 2022

34 СПОРТШЫҒА ҮМІТ АРТАМЫЗ



4-20 ақпан аралығында Бейжіңде өтетін қысқы аламанға елімізден 34 спортшы қатысады. Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімінде көк байрағымызды Абзал Әжіғалиев пен Екатерина Айдова көтеріп шығады. Осы аптада спортшыларымыз Бейжіңге аттанды.

Қысқы спорттың 15 түрінен 109 медаль жиынтығы үшін өтетін Олимпиада ойындарында спортшыларымызға сәттілік тілейміз.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
90,03



DOLLAR
436,40



EURO
490,50



РУБЛЬ
5,57



**JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

CAMMIT

Елімізде инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған жаңа инвестициялық саясат әзірленуде. Мұндай саясат – Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарының ажырамас бөлігі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» мемлекет басшыларының саммитінде осылай деп атап көрсетті.

Қытай БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде еуразиялық кеңістікте бейбітшілікті, қауіпсіздік пен ілгерілеу ісін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл, әсіресе, терроризм, экстремизм және трансұлттық қылмысқа қарсы күреске байланысты. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қаңтар айының басында елімізге лаңкестердің асқан қатыгездікпен шабуыл жасағаны туралы айтты. «Мемлекет, ұлт ретінде бұл қайғылы

шаруашылығы және азық-түлік өнімдерінің ақшалай көлемі бір миллиард доллардан асады. Осыған байланысты сауда және көлік бойынша өзара бірлескен тәсілдерді әзірлеу үшін министрліктер деңгейінде «Орталық Азия – Қытай» консультациялар механизмін іске қосуды ұсынамын», — деді Президент. Екінші міндет — «Бір белдеу — бір жол» жобасын одан әрі ілгерілету, оның ішінде жоғары қосымша құн салығы бар ірі жобаларды іске асыру арқылы бірлескен

Сана

(Басы 1-бетте)

ҰЛТТЫҢ ТАМЫРЫ
ҺӘМ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
ҚАДІРЛЕУ

Шыңғыс ағасы әлгі баламен тілдесіп, өзінің кейіпкерлері мен оқиғалар желісін сұрайды. Кішкентай кітапқұмар мүдірмейді. Қоштасарда Адамзаттың Айтматовы былай дейді: «Шүкір, мынадай балалар тұрғанда Қазақстан да, Кіндік Азия да көштің соңында қалмас».

Ықылым заманнан бері кітап — адам бойына «Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен» дейтін қағиданы сіңірген тәрбие құралы. Өркениетті өрге сүйреп, ғылым мен мәдениетте ұлы өзгерістер жасаған да осы білім бұлағы. Қазір де сондай. Илон Маск, өзі айтқандай, Айзек Азимовтың шығармаларын оқымаса, алып қиялды ақиқатқа айналдырып, ғарыш пен технологияда таңғажайып төңкеріс жасай алмас еді.

Қалың казакты оқуға, үйренуге шақырған Абайдың, Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұттың, Ахмет Байтұрсынұлының кей ұрпағы бүгінде талмай ізденуге, дүниетанымын байытуға енжар. Президент өткен жетіде Гегель мен Бабельді бір-бірінен ажырата алмайтын, арнайы білімі жоқ, бірақ байлығы асып-тасыған алпауыт бизнесмендерді сөз етті. Сол-ақ екен, неміс ойшылы мен кеңес жазушысы туралы білгісі келгендер жапатармағай Гуглға кіріп жатты. Бұлар күні бойы базарда немесе құрылыста жүргендер емес. Бір емес, бәлкім, бірнеше оқу орнын тәмамдаған, өзін мәдениетті, көзі ашық, көкірегі ояу деп есептейтіндер. Күнделікті жаңалықты сайттан, түрлі өсек-өтірікті әлеуметтік желіден оқып, сонан ой түйетіндер, соған қарап тон пішетіндер.

Шыңғыс Айтматовты сүйсіндірген өренді қазір де кездестіруге болады. Бірақ ондайлар тым аз. Журналист-депутат Нұртөре Жүсіп жазғандай, бүгінгі балаға тұзу жол көрсетіп, «төк-төк» дейтін ата-ана мен ұстаз емес, Тик-Ток боп тұр. Әлі оң-солын танымаған жасөспірім мен бозбаланың өмірге, айналаға деген көзқарасының қалыптасуына да осы Мета (Фейсбук), Инстаграм, Ютуб, Телеграм-каналдың ықпалы өте-мөте зор.

Қантар қасіретін сарапқа салғандар көп себептің бірін ата-бабадан бүгінге бұзылмай жеткен ұлттық дәстүр мен тәрбиенің кемшін түсуінен іздейді. «Ала жіпті аттама», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» дейтін халықтық қағиданың мәні жоғалып бара жатқанына назар аударады. Сауда орталықтарын түк қалдырмай тонағандардың арасында ұры-қары мен қарақшы ғана емес, тепсе темір үзетін жігіттер, отбасының ұйтқысы болар қыз-келіншектер, ең сорақысы, немересін ерткен ақ шашты әжейдің жүруі осы ойды растай түскендей. Оның үстіне жаңа батар жайыс дерек күн сайын көбейіп келеді. «Жоқшылық не істетпейді», «Қайтсін енді, күн көру керек кой» деп теріс әрекетті ақтауға тырысқандар да бар. Абай «Жарлы болсан, арлы болма» дейтін мақалды не адамшылыққа, не құдайшылыққа жатпайтынын айтып өткір сынаған. Данышпан хакім біреудің дүниесіне көзін сатпай, алақан жайып тіленбей, маңдай тер, адал еңбекпен мал табуды арлы адамның ісіне жатқызды.

Жаппай сипат алмаған әлгі жат қылықтың жаһандану жемісі екенін басқа айтқымыз келеді. Таяуда телеарналар әлемдегі ең бай мемлекетте (АҚШ) жұмыссыз тұрғындардың пойыз тонап, құны миллиондаған доллар тұратын азық-түлік пен тұрмыстық бұйымды әкегіп жатқанын көрсетті. Осыдан екі жыл бұрын Америкадағы бейбіт шерулер жаппай тонауға ұласқанда наразылықты ұйымдастырушылар әлгілерді қорғап қалған. Олар біреудің дүние-мүлкін қолды қылған қарақшылар емес, ғасырлар бойы көрген қиынат үшін өтемақы талап еткендер боп шыға келді.

Әлемде белең алған жатыпішерлік, масылдық пифыл бізге де келіп жетті. Қазынасы «қара алтынға» қарап тұрған елімізге «қазба байлықтың қарғысы» (resource curse) немесе «Байлық пен молшылық парадоксы» (paradox of plenty) да кесірін тигізгені белгілі. Атауын ағылшын экономисі Ричард Аутиден алатын осы құбылыс пен оның, әсіресе, жастар арасында жұмыссыздар санын көбейтетін ерекшелігі туралы әлі айта жатармыз. Бір анығы, «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тіленбейді» емес, «Қалауын тапса, қар жанады» дейтін түсінікті қағидаға айналдырды. Жан қинамай ақша табу, инемен құдық қазбай-ақ білімділер қатарына қосылу, тез байып кету басты идеалға айналып барады. Қыздар өнердің қыр-сырын менгермей-ақ, әп-сәтте «жұлдыз» атанғысы келеді. Ұлдардың арманы — қалталы бизнесмен, блогер, коучер болу. Бұдан жарты ғасырдай бұрын өмір сүрген жапонның ұлы ойшылы Мусаси Миямото бұл құбылысты «өткініш, арзан рахатқа» тенеген. Замандастары «Қасиетті қылыш» деп атаған семсерлесудің хас шебері ұрпағына жиырма бір қағидалан тұратын өсиетін қалдырған. Ол қымбат дүниеге қызықпауға, бойдағы ашкөздіктен арылуға, аянбай еңбек етуге шақырды. Ұлы ұстаздың осы өсиеті қазір де Күншығыс елінде сан-салалы ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы. Жапон халқының жаһанданудың жойқын ықпалына қарамастан, рухани құндылықтан ажырамауы, салт пен дәстүрге беріктігі Мусаси Миямото сияқты даналардың аманатына адал болғанының арқасында. Соның айқын бір көрінісі — радиациялық апаттан кейін Фукусима кентінде бірде-бір тонау немесе ұрылық дерегі тіркелмеуі.

Әділдік пен адалдықты, білім мен еңбекті, ұлттың тамыры мен руханиятты, салт-дәстүр мен тәрбиені ту еткен казактын даналық мектебі әрдайым халқымызды ұлы мұратқа бастап келген. Келешекте де солай болады. Білім мен зерде, ақыл-ой мен еңбек бәсекеге түскен мына заманда казакқа, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, санада сілкініс, той емес, ой қуу қажет боп тұр.

Срайыл СМАЙЫЛ



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ:
МЫЗҒЫМАЙТЫН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай бейнебайланыс режимінде өткен басқосуға ҚХР Төрағасы Си Зин Пин, Кыргызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиязев қатысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қытай басшысының осындай маңызды әрі дер кезінде қолға алынған іс-шараны өткізу туралы бастамасына ризашылығын білдірді. «Біз бірнеше ғасырдан бері тарихи қарым-қатынас орнатып келеміз. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жоғары сенім және шынайы тату көршілікке негізделуімен ерекшеленеді. Екіжақты сауда өткен жылдың 11 айының қорытындысы бойынша 17 млрд долларға дейін жетті. Қытайдың Орталық Азия елдеріне құйған 40 млрд доллар инвестициясының жартысы Қазақстанның үлесінде. Сондықтан біздің еліміздің Қытайға аймақтағы ең ірі сауда-инвестициялық серіктес атануы заңды», — деді Президент.

Мемлекет басшысы энергетика саласындағы өзара ықпалдастық пен инфрақұрылымдық, оның ішінде «Бір белдеу — бір жол» мегажобасы аясындағы жобаларды іске асырудың стратегиялық сипатына тоқталды. 30 жылдың ішінде Орталық Азия мемлекеттері тату көршілікке және бір-біріне тұрақты қолдау көрсетуге негізделген шынайы ынтымақтастық орната алды.

оқиғадан сабақ алдық және тез арада қалпымызға келетініміз сөзсіз. Қазіргі кезде мемлекеттік басқару ісін, ұлттық қауіпсіздік жүйесін және экономикалық саясатты қайта форматтау және реформалау бағытында барынша жұмыс жүргізілуде. Осылайша жаңа Қазақстан құру ісіне кірісіп кеттік», — деді Президент.

Соңғы жылдары өңіраралық ынтымақтастық жаңа әрі сапалы деңгейге көтерілді және мемлекеттердің қарқынды және сенімді диалогы, оның ішінде тұрақты консультативті кездесулер форматындағы шаралар негізгі рөл атқарады. Сонымен қатар бірлескен кәсіпорындар саны артты. Өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы және басқа да секторлардағы маңызды жобалар іске асырылуда. Сауда кедергілері біртіндеп жойылуда. Заманауи өткізу бекеттері ашылып, қосымша әуе және теміржол бағыттары іске қосылып жатыр. Мемлекет басшысы «Орталық Азия — Қытай» өзара іс-қимыл форматының үлкен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттігіне баса мән берді. Соған орай, ортақ мүдделерді ескере отырып, бірнеше міндетті шешу керектігін атап өтті.

Ең алдымен сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін барынша күш салу керек. Бұл сауда айналымы құрылымын әртараптандыруды, кедергілерді жоюды, кеден ісін ретке келтіруді және инновациялық шешімдер енгізуді көздейді. «Қазақстан Қытайға экспортталатын тауар түрлерін 135-ке жеткізуге әзір, оның ішінде ауыл

жұмыстарды жандандыру. Бұл ең әуелі цифрландыру, жасыл технологиялар және инновациялар салаларына қатысты. Көлік-транзит бағыттарын әртараптандыру және интеграцияланған логистикалық шешімдерді, соның ішінде жаңа құрлықтық дәліздерді іске қосу арқылы енгізу мәселесі — үшінші басым міндет. Еліміз осы мақсатқа 2025 жылға дейін 20 миллиард доллар инвестиция салуды жоспарлап отыр. Бұл Қытайдан келетін транзит ағынын кеңейтуге және аймақтағы елдердің артып келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етуі тиіс. Президент орнықты дамудың жаңа моделін енгізудің, атап айтқанда, 2060 жылға қарай экономиканы декарбонизациялаудың және көміртегінен бейтараптыққа қол жеткізудің өзектілігін атап өтіп, осы саладағы тығыз ықпалдастықты жолға қоюды және озық тәжірибелерді алмасуды ұсынды.

Мемлекет басшысы аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне арнайы тоқталып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) айтарлықтай мүмкіндігіне назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, АӨСШК-ті трансформациялау қазіргі сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы іс-қимыл жөніндегі ұжымдық күш-жігерді сапалы әрі жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.


Саммит қорытындысы бойынша дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Талап ТІЛЕГЕН

Инфографика

МИГРАЦИЯ
(18-35 жас)

Елдер	2020 жыл	2021 жыл
РЕСЕЙ	6965	+2,7%
ГЕРМАНИЯ	696	+59,3%
АҚШ	106	+37,7%
ТҮРКИЯ	22	+2,4%
УКРАИНА	23	+35,3%
КАНАДА	23	+35,3%
БЕЛАРУСЬ	48	+14,3%
ӨЗБЕКСТАН	58	+7,4%
ҚЫРҒЫЗСТАН	33	+22,2%



Аптаның сауалы

Ержан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Мәжіліс депутаты:



«Бізде майнинг үшін рұқсат етілген энергетикалық резерв белгіленгенбеген. Майнинг индустрияның дамуына арналған құқықтық-нормативтік база да жоқ. Қолданыстағы заң бойынша, Қазақстанда криптовалюта өндіру мен оның айналымына тыйым салынған. Сонда біздегі криптоиндустрия қалай жұмыс істеп тұр?»

(Басы 1-бетте)

Бір анық нәрсе, айдап әкеп барлығының да тұрмыстық шаруасын, әлеуметтік әлсіздігін мемлекеттің мойнына артып, өздерін арамтамақ атандыруға тағы болмайды. Жұмыс көзі, тұрақты жұмыс орны деген жанға жайлы естілетін тіркестер тек жалаң ұран, жадағай жарапазанға ұласпауы керек.

Біздің елде мектеп бітірген жастардың жоғары оқу орындарына грантка, болмаса ақылы негізде қабылданбағандардың қалай күн кешіп жүргенін, тұрақты жұмысқа орналасқанын зерттейтін, құлағдар болатын қандай да бір мемлекеттік не қоғамдық ұйымдар жоқтың қасы. Жастар расында да қоғамда қараусыз қалғандай күй кешеді. Қалаға келсе, үш-төртеуі бірлесіп жалдамалы пәтерге қоныстанады. Күнделікті нан-суға жетерлік ақшаға жұмыс істейді. Зейнетақы

қорына қаржы аударылатын тұрақты жұмыс орнын тапса, несиеге көлік алады. Осылай күн айға алмасып, ай жылға жалғасып уақыт өте береді.

Баса назар аударатын жайт, мемлекеттік грантта оқитындардың санатына іліге алмағандардың арасында әкешешесінің, бауыр-туысының көмегімен ақылы негізде білім алатындардың да арасына ене алмаған жастардың шоғыры қалын. Айталық, Алматының маңайындағы ауылдардың бірінде былтырғы жылы 11-сыныпты 40 бала бітірді десек, соның 20-25-і ғана грант, ақылы оқуға түсуі мүмкін. Қалғаны қоғамда қандай жұмыс кезігеді, соны істейді. Әрине, құлықты болса. Қаланың іргесіндегі ауылда мектеп бітірген жастың қатарынан қалғысы келмей шаһарға жол тартатыны белгілі. Алматыда жұмыссыз жастардың көбеюінің негізгі бір себебі — осы.

Былытыр, ел аман, жұрт тынышта, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында былай деген болатын: «Жастарға қатысты келесі мәселе — жұмыспен қамту. Бұл, әсіресе, өңірлерде өзекті. Біз жұмыссыз жастарға жол сілтеп, бағыт-бағдар беруіміз керек. Олардың тұрақты кәсіп табуына көмектесуіміз қажет. Қазір жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бірақ жастардың көбі сол шаралар туралы білмейді. Мемлекет ұсынып отырған түрлі қолдау жұмыстарынан хабарсыз. Бұл мәселе тек жалаң үгіт-насихатпен шешілмейді. Үкімет пен әкімдер жастарды жұмыспен қамту мәселесімен арнайы айналысып, күнделікті назарда ұстауы қажет. Қазақстан — дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да — осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз».

Енді сол бар мүмкіндікті сарқа пайдаланып, жастардың арасындағы жұмыссыздықты жүйелі түрде шешу — бүгінгінің кезек күттірмейтін шаруасы. Алаштың Мағжаны сенген «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастардың күш-қуаты қиратып-өртеуге, ұрлап-тонауға емес, қоғамды құлпытұта жұмсалуды керек.

Жастар тәрбиесінде, елдің тұтқасын ұстар ертенгі тұтқаларды баулудың бауын қай тұста үзіп алдық? Қоғам неге қаттыгезденіп, тасбауырланып барады? Әр салада қызмет еткен азаматтарға осы сауалды көлденен тарттық.

Оңалбек ӘУЕЛБЕКОВ,
халық ағарту ісінің озық қызметкері, Отырар ауданының құрметті азаматы:



«ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, СПОРТЫҢДЫ ДА ТҮЗЕ»

Мен қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы Қоғам деген ауылда қырық жылға жуық қазақ күресінен бапкер болып еңбек еттім. 1976 жылы қазақ күресінің ережесі спортзалдар мен спорт кешендердің есігінен ғана сығалап, жұрт жапа-тармағай дзюдо, самбо күресін әспеттеп жатқанда, мен саналы түрде ұлттық спорттымызды ұлықтауды қолға алдым. Қоғам ауылында қазақ күресінің қазығын қағып, күрес залын аштым. Қаншама шәкіртім ел ішіндегі, халықаралық, әлемдік додаларда топ жарды.

Алдымдағы шәкірттерге мен ең әуелі мынаны қадап айттым: «Өзім арақ ішпеймін, темекі шекпеймін. Аса маңызды себеп, оқыс оқиға орын алмаса, жаттығудан кешікпеймін, қалмаймын және шәкірттерімнен де осыны талап еттім. Әр үйдің тұңғышы, төлбасы деп атасы мен әжесінің мейіріміне қанып өскен қаншама тәлі мен шаңырақтың кенжесі атанып, еркелікке малынған тентектерді де спорт сикырымен күрес кілемінің үстінде «илеу арқылы» иін қандырып дұрыс жолға бағыттайды. Талантты балаларды іздеп жүріп, күреске баулып, жұмысын өрге басқанда, кейбірін ата-анасы жаттығуға жібермейді. «Бұл бала үйдің жұмысын істей ме, жоқ, күрес залына бара ма?!» деп қарсы болған әке-шешесімен келіссөзді күндеп жүргізетін едік. Ал қазіргі бапкерлер осындай жанкешті ме? «Заманына қарай адамы» дейтін бе еді. Бүгінгі заманның кейбір бапкерлері үй-үйді аралап таланттарды табу былай тұрсын, алдына келген балуанға дұрыс бағыт-бағдар беруге ерінеді. Мектеп бітіріп оқуға түсе алмаған, я болмаса жұмысқа орналаспаған жастардың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік туғызу керек. Заңғар жазушы

Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген тамаша сөзі бар. Тәрбиені талбесіктен бастап баланың санасына сіңіру керек екенін осы бір-ауыз сөзімен түйіндеген. Біз ел боламыз десек, жастарды тура жолға салып, айқын бағдар беріп, тұманды теріс әрекетке емес, қайырымды істерге баулығанымыз ләзім. Спортпен шұғылданған бала ен әуелі тәртіпке, тұрақтылыққа бой үйретеді. Сондықтан жастарымызды тура жолға бағыттасақ, спортымызды да түзеп, кем-кетігін бүтіндеуіміз қажет.



ЖАСТАР ҚОҒАМДА ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Берік ӘДІЕВ, «Алматы қаласы мешіттерінің ақсақалдары рухани жаңғыру дауылпаздары» қайырымдылық қорының төрағасы:



АҚСАҚАЛДАР ИНСТИТУТЫН ЖАҢДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Қантар айының алғашқы аптасында болған қанды оқиға бәріміздің де жүрегімізді ауыртты. Көруге, қарауға дәтін шыдамайтын, жүрегін қан жылайтын қасіретті оқиға. Окқа ұшқан да, соққыға жығылған да негізінен жастар.

Біздің қор құрудағы мақсатымыз — ақсақалдық институттың жұмысын нығайтып, жандандыру. Бірақ әлі де жұмысымыздың алға басуына кілтіпан бар. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы, яғни мүфтияттан үлкен қолдау қажет бізге. Жастарға жөн сілтейтін, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетуді насихаттап, кейінгі ұрпақтың құлағына құйып, санасына сіңіру шаруасына ақсақалдарымызды көптеп тартқан жөн.

Мына саны аз шешен халқын қарасаңыз, әр ауыл қыстағынан бастап үлкен қалаларындағы жастардың барлығы да ақсақалдың алдын қия өтпейді, сөзін тыңдап, айтқанынан шықпайды. Олар қорыққаннан бұлай жасамайды, сыйлағандықтың белгісі бұл. Қантар оқиғасына дейін де еліміздің ішінде болып жатқан түрлі қақтығыс, келеңсіз жайттарда да ақсақалдардың рөлінің салмақты емес екені байқалып қалды. Ағайын-туыс, бір туған бауырласымыз қырғыз халқының басынан да қаншама алағай да бұлағай күндер өтті. Бірақ халқының басына күн туғанда ақсақалдары сөз бастап, толққан жастарына басу айтып, сабырға шақырды.

Бізге республикалық ақсақалдар кеңесінің әр облыс, аудан, ауылдарда ұйымдары бар. Соның жұмысын жандандыру керек. Қысылтан шақта омырауын ақ сакалы жапқан қариялар шығып, елді сөзге тоқтата білуі керек.

Батыр Бауыржан Момышұлы ағамыз қазыналы қарияларымызға қатысты ойын сабақтап, жасы жеткен ер адамдарды «шал, қария, ақсақал, абыз» деп төртке бөледі. Отбасы, ошағының айналасындағы әңгімесінен аса алмайтын, ауыл үйді аралап, өсек сөз теріп тарататындарды шал дейді. Өзінің әулетін, қанынан тараған ұрпағына дұрыс тәрбие беріп, ұысында ұстайтын кісіні қария, ал енді тұтастай бір ауылға билік жүргізіп, басқаруға қауқары жететін кісіні ақсақал дейді. Елдің ішіндегі дау-шарды шешіп қана қоймай, шекараның сыртындағы жаудың да десін қайтарып, айбар болатын, көкірек қойнауы қазынаға толы, елдік мұрат-мүдде жолында ештеңеден қаймықпайтын кісіні абыз дейді. Ақсақалдарымыз да, батыр Баукен айтқандай, отынын басындағы әңгімені ғана сөз етпей, ұрпағының қамын ойлайтын, тура жолға түсуіне еңбек ететін деңгейде болуы керек.

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Нұрсұлтан ОРЫНБАСАРОВ,
«Sagadat batyr – QT» кәсіпқой спорт клубының бас бапкері:

АУЫЛДЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮНДІЗ-ТҮНІ КҮЗЕТІП

Менің туған ауылым Ащыбұлақ ауылдық округі Алматының іргесінде, тиіп тұр. Қантардың басында еліміздің әр аймағында болған толқудың соны қантөгіске ұласып, ұрлық-қарлық өршігенде біз ауылдық округтің әкімі Жасұлан Оналбаевтың бастамасымен халықтық бақылаушы топ құрдық. Ондағы мақсат, ең алдымен, ауылымыздың тыныштығын сақтау, халықтың үрейін туғызбау, мемлекеттік, жекеменшік ғимаратты қиратуға, сауда орындары секілді нысандарды тонауға жол бермеу еді. Ащыбұлақ ауылдық округіне күре жол үш бағыттан кіреді. Алматы қаласынан да келетін жол бар, Жәлек батыр ауылы арқылы, Қазшикті басып өтетін жолмен де келуге болады. Көкқайнар ауылы арқылы жаман жолмен жүріп те біздің ауылды табасыз. Міне, осы үш бағыт бойынша блок-



бекет орнатып, ауыл азаматтарынан құралған жасақ, күзет қойып, мемлекеттік тіркеу нөмірін алып тастаған көліктерді тексердік.

Халықтың бақылау жасағында негізінен жастар көп болды. Ауылдық округ әкімі жасақты құрудағы

мақсат — осындай сын сәтінде тыныштықты сетінетпей, тұрғындардың алансыз болуына септесу екенін жете түсіндірді. Ауылға Алматыдан келген көліктерді тексерумен қатар, өз ауылымыздың ішінде нөмірді шешіп қойып, ойқақтаған жастарды жөнге шақырып, ақылымызды айттық. Тыз етпе жастардың көңілі алып-ұшып тұрады ғой. Сол бір сәтте еліріп кеткендерді сабасына түсіріп, көліктеріне нөмірін тақкыздық. Ауылымыздағы кәсіпкер азаматтар да іске жұмылып, бекеттегі күзетте тұрғандарды ыстық тамақ, ас-сүмен қамтамасыз етті.

Қаладан ауылға кірмек болған көлік айдаушылардың күдік ұялатқандарын жіті тексердік. Нөмірін тақпай жүргендер алдымен назарға түседі ғой өзі. Алматыдағы аласапыран кезінде дүкен тонап, қымбат киімді олжалап келе жатқандар да, зергерлік әшекей бұйым дүкенін тонаушыларды да ұстап, тәртіп сақшыларына табыстадық. Қарбалас басылғанға дейін кешкі сағат жетіден таңғы сегізге дейін кезекшілікті кезектесіп атқардық.

Айбол ЫҚЫН, ауыл тұрғыны:

ЖАҒДАЙ ЖАСАЛСА...

Мен медициналық білім алып Алматыда бірнеше жыл тіс дәрігері болып жұмыс істедім. Ауылдағы қарашаңырағымыз ата-анамыз өмірден өткен соң жабық тұрды. Бір жағы тұған жеріме, Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылындағы үйіміздің түтінін түтетейін деп көшіп бардым. Ауылымыздың тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен



жан бағатындықтан мен де сиыр өсіруді мұрат тұттым. Ауыл шаруашылығын жартылай қолдау қорынан төмендетілген пайызбен несие рәсімдеп, соған он бас сиыр сатып алдым. Айтуға ғана жеңіл, мұның артында қаншама әуре-сарсаңға салатын жұмыс жатыр. Несиені де алыңыз деп алақаныңызға ұстата салмайды. Ең әуелгі талаптары — кепілге жылжымайтын мүлік қою. Онда да сіздің алатын несиеңіздің сомасынан екі есе қымбат болатын үйді қоясыз. Мысалы, мен 4 миллион теңге рәсімдету үшін кем дегенде 8 миллион теңгеге бағаланатын үйді кепілге қоюым керек. Одан бөлек, сатып алатын малыңызды жаятын жеріңіз болғаны шарт. Көрдіңіз бе, осындай талаптың үлесінен шықсаң ғана несие беріледі. Мұндай талап пен шартты орындауға кез келген ауыл тұрғынының мүмкіндігі келмейді. Жастарға ауылдық жерлерден де тұрақты жұмыс орны ашылса, кәсіпті дөңгелетемін дегендеріне қиындықсыз, келергісіз қаржылай қолдау көрсетілсе, сөзсіз істейді. Қызықтыра білуіміз керек. Жастар жалқау, еріншек, арамтамақ деп кері итере беруге болмайды.

Дайындаған Қуаныш РАХМЕТ



(Басы 1-бетте)

Жаксы мен жаманды, обал мен сауапты, ұятты түсінбей өскен жастар әр түрлі жағымсыз әрекетке қалам басуы мүмкін. Халық жемқорлықтан да шаршады. Өзінің қоғамға қажеттілігін дәлелдей алмаған қаншама жастар, азаматтар күйзеліске ұшырады. Осылардың бәрі жиналып, халықтың билікке деген өкпе-ренішін, ашу-ызасын тудырып отыр. Ол бүгін болмаса, ертең жарылуы мүмкін еді. Енді мемлекет қалыптасқан жағдайдан сабақ алып, қорытынды шығаруы керек деп ойлаймын.

Кінәні тек жастарға ғана артуға болмайды. Мемлекеттік құрылымдар да өз деңгейінде тиісті қызметін атқарған жоқ. Аткарылған жұмыс қағаз жүзінде қалған, тек есеп үшін өткен шаруа көп. Халықпен жұмыс істейтін, мемлекетшіл азаматтар алға шығуы керек. Жеке басының ғана мүддесін ойлайтын шенеуніктердің де осы оқиғаларда үлесі бар.

Jas qazaq: Дұрыс айтасыз, Мемлекет басшысы көп адамның бетпердесін сыпырды емес пе?

Е.Шаланов: Кешегі өткен жағдайды халық көріп отыр. Президентіміз «мемлекетті күшпен басып алуға ұмтылды» деп ашық айтты ғой. Бұл жерде біраз адамның бетпердесі ашылатыны айқын еді. Өйткені осы толқулар басталғанда мемлекеттік құрылымдар бірынғай жұмыс істемегенін көрдік. Президенттің айтқан тапсырмалары дер кезінде орындалмаған. Кейіннен Қасым-

Жасіргі қоғам — цифрлық, ашық қоғам. Жалпы казак жастары жан-жақты, өнер-ғылым, жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдарға өте икемді. Осы орайда қоғам алдындағы жауапкершілігімізде кемшін тұстарымыз бар. Ол міндетті түрде жастарға әсер етеді. Қоғамдық қатынастардың бүкіл саласында түйткілдер жеткілікті. Оны бірде ашып, бірде жасырып қаламыз. Отбасы институтында да кемшіліктер көп. Бала тәрбиесі, оны үйлендіру, үй болу мәселесі, ажырасу, толық емес отбасылардағы проблемалар, үй алу, жер алу, жұмысқа тұру, бәрі бір-бірімен тізбектеліп кете береді.

Жанды жеріміздің бірі — дін мәселесі. Қоғамда ақылмен, жүреппен әсер ететін нәрселер бар. Ал дін — өте нәзік сала. Ол ақылмен қоса, жүрекке де әмірін жүргізе алады. Сондықтан әр түрлі діндерге, миссионерлік бірлестіктерге, ислам дінінің ондаған тармақтарына бөлінген халық сан соғып, жастар да қайсыбірінің етегінен ұстарын білмей, жандалбасаға түсіп жатқан жағдайы бар. Діни сала, ұлттық тәрбие, зайырлы білім беру саласындағы мәселелер шешілсе, біздің Қазақстанның келешегі кемел болатын еді.

Jas qazaq: Бір жағынан қолы бос, айналысатын дені дұрыс тірлік жоқ. Бизнес бастай алмайды. Тәжірибесіз болған соң жұмысқа да алмайды. Қазір жұмыссыз жастардың көбі осылай ақталады ғой.

Әрине, ішкі нарығымыз шағын. 18-20 млн халыққа шығарылған өнімнің сатылуы, пайда түсуі тиімсіз болар. Сондықтан сыртқы нарыққа жұмыс істеу керек. Бір ғана ауыл шаруашылығының өзінде әлемнің көптеген елдерін асырай алатындай мүмкіндік жасаса, бұл сала қалай дамып кетер еді! Тек қана жер асты байлығына, минералды шикізатқа иек артып отыра беруге болмайды. Дайын өнім шығаратын бағытта жұмыс істейтін жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетілсе дейміз. Кәсіпкерлік субъектілерінің жастарды өзіне патронажға, қоластына жұмысқа алу деген жақсы үрдіс. Қазак жастарының арасында жалындап тұрған мықты жігіттер бар. Осылардың тәжірибесін кеңінен насихаттау қажет. Өз қолы өз аузына жететін жас ешқашан қылмыс жасап, маргиналдылыққа, өткендегідей топалаңға бармайды.

Jas qazaq: Өзінің жоғары оқу орнында жұмыс істейсіз. Білім саласындағы жастардың дүниетанымы қалай? Білім-ғылымға деген құлшыныс байқала ма?

Е.Шаланов: ОҚМПУ студенттерінде ұлттық тәрбие, үлкенді сыйлау, білім алуға деген құштарлық бар. Мұғалімдер қауымына зор сенім артылып, министрлік тарапынан олардың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін көптеген жеңілдіктер жасалуда. Студенттердің

оқуға қабылданатын жастар жалпы санының 30 пайызын қамтуы мүмкін. Оның арғы жағында 50-60 пайыз жұмыс істеп жүрген және жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар бар. Бұлардың барлығының өз түйткілі, ауыртпалығы, қуаныш, қайғысы бар. Жастардың ұйысатын, өсетін нүктелерін мемлекет анықтап отыруы керек. Жаңағы айтқан тәрбие, кәсіпкерлік, дін саласы да кешенді түрде қаралып, байсалды түрде баға беріліп, жастарды мемлекетшіл, отаншылдық рухта тәрбиелеуге кірісек, біз 20 млн халықты былай қойып, 100 млн халықты еркін асырауға, оларды тәрбиелеуге, білім беруге, әлемнің кез келген елімен ынтымақтаса отырып жұмыс істеуге мүмкіндігі бар мемлекетпіз. Тек қана осы игілікті ретімен пайдалана алуымыз керек.

Jas qazaq: Сіз шетел көрген адамсыз. Өзге елдерде жастар неге қызығады? Оларға жайлы өмір жасалған ба?

Е.Шаланов: Мен 6-7 жыл Еуропа елдерімен, Түркиямен жұмыс істедім. Сонда байқағаным, нарықтық қатынастардың қалыптасуымен бірге олардың санасында қалыптасқан берік қағида бар. Шығыс және Солтүстік Еуропа (*Прибалтика елдері*), Балкан түбегі, барлығында жастар жақсы өмір іздеп, ары қарай Батыс Еуропаға, яғни Германия, Франция, Англияға қарай жөнкіледі. Сол жақта білім алады, сол жақта еңбек етеді. Барлығының көксегені бір, әлеуметтік жағдайының жақсы болуы, көбірек табыс табуы. Сондықтан жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі Батыс Еуропа елдерінде де кездеседі. Бірақ адам және оның өмірі басты орынға қойылған. Еркін құқықтық қатынастар қалыптасқан. Біз де осыған ақырындап келуіміз керек.

Бізде бір ішкі күрес бар. Шығыстың көшпенді дала тәрбиесін көрген халықтың ұрпағымыз. Өзімізге ғана төн ұлттық құндылықтарымыз бар. Енді Батыстың идеологиясына жақындаған кезде мұның бәрі қайшылыққа түседі. Батыста жайлы өмір, жақсы жалақымен қатар, қазақы менталитетімізге сай келмейтін еркінсу, ұлттық ділімізден алыстау айырмашылықтары бар. Мемлекеттің де, халықтың да осының ортасын тауып, жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренетін ұстаным керек.

Түркия да 800 жылдай империя болған мемлекет. Жастарының бойында «Мен алып елдің ұрпағымын, біздің түрік халқы әлемге үкім жүргізген мемлекет, халифалықтың орталығы болған османдықпын, яғни елге дін үйреткен мемлекетпіз» деген ұстаным бар. Мұны олар мемлекеттік идеологиясы арқылы жастарының санасына сіңіріп тастаған. Біз осы



ЖАСТАР ИІЛГІШ ШЫБЫҚ СИЯҚТЫ. ЕГЕР ДЕ ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ МЕНДЕП, ҚЫЛМЫС КҮШЕЙІП, ТУРА ЖОЛДАН ТАЙҚҰ БАСТАЛСА, ОҢДА, СОЛ ШЫБЫҚТЫ КҮТІП, БАПТАП ОТЫРҒАН, СОЛ ШЫБЫҚҚА НӨР БЕРІП ОТЫРҒАН БАРЛЫҚ ИНСТИТУТТАР ЖАУАПТЫ. АТА-АНА, МЕМЛЕКЕТ, ОҚУ ОРДАСЫ, БАРЛЫҒЫНЫҢ ДА БІР КЕМШІЛІГІ БАР ДЕГЕН СӨЗ.

Жомарт Кемелұлы барлық мемлекеттік құрылымдардың билігін өз қолына алып, болған жағдайға тиісті баға беріп, күштік құрылымдарды біріктіруге шақырған кезде барып бәрі айқындалды. Бұл ерте ме, кеш пе, болуы керек нәрсе шығар. Сондықтан бұл оқиғалардан еліміз тек қана күшейіп, дамуға бет бұрып, осыған дейін мемлекеттік өркендеуде жіберілген қателіктерді қалпына келтіретіндей, халықтың ұпайы түгелденетіндей, азаматтарға жағдай жасалатындай бағдарламалармен шығу керек деп ойлаймын.

«Бұған дейін жүйенің төңірегінде қарақан басының ғана қамын күйттеп, тек

ҮЙДЕ БАСҚА ТӘРБИЕ, АЛ ҚОҒАМ МҮЛДЕ БАСҚА СИЯҚТЫ. КІМ НЕ АЙТСА, СОҒАН ЕРІП КЕТЕТІН СОЛҚЫЛДАҚТЫҚ ОСЫНДАЙДАН ПАЙДА БОЛА МА ДЕП ҚОЯМЫН. ҚАЗАҚ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ МАҢЫЗ БЕРГЕН ХАЛЫҚ ЕДІ. ҚАЗІРДЕ СОЛ ҚАЗАҚИ ТӘРБИЕДЕН АЛЫСТАП КЕТКЕНДЕЙІМІЗ. КҮНКӨРІС ҚАМЫТЫН КИГЕН АТА-АНА БАЛАНЫ ИНТЕРНЕТ ПЕН КӨШЕ ТӘРБИЕСІНЕ БЕРІП ҚОЙДЫ. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕДЕ НЕМКЕТІЛІК БАСЫМ БОЛЫП БАРАДЫ. ҚҰНДЫЛЫҚ АТАУЛЫДАН АЛЫСТАУ ТӘРБИЕЛЕНГЕН БАЛА ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚИЫНДЫҚ ҚАРСЫЛЫҚ ТУДЫРАДЫ.

қана байлықты өмірдің мәні деп түсінген азаматтар болды» деп Президенттің өзі бастап айтып жатыр. Мемлекетке қарай мойын бұрып, елдің қазынасын халыққа қолжетімді ететіндей жағдайлар жасалса деймін. Егер осы алғышарттарды жасай алса, біздің мемлекетімізге де, Президентімізге де сенім артады деп ойлаймын.

Jas qazaq: Меніңше, жастарға тәжірибе, қосымша хоббимен айналысуға тегін мүмкіндік, тәжірибе, біліміне сай ынталандыратын карьералық өсу жетіспейтін сияқты. Олар кімнің сонынан ерерін білмей дал. Жастарға бағыт сілтейтін, ертіп жүретін адамдардың ниеті дұрыс емес. Кейбіреулер әлдебір «авторитеттің» сонында жүр. Сөйтіп қолжаулық болып кеткені қаншама... Осыларды жүйелеу үшін не істеу қажет?

Е.Шаланов: Қазақтың дала демократиясы, ырым-тыйымы, салт-дәстүрі тұнып тұрған философия ғой. Жастар иілгіш шыбық сияқты. Егер де жастардың арасында қоғамдық дерт мендеп, қылмыс күшейіп, тура жолдан тайқу басталса, онда, сол шыбықты күтіп, баптап отырған, сол шыбыққа нәр беріп отырған барлық институттар жауапты. Ата-ана, мемлекет, оқу ордасы, барлығының да бір кемшілігі бар деген сөз. Егер де жастарды сіз болып, біз болып тура жолға бағыттап алсақ, сол тура бағыттан ауытқымайды.



Е.Шаланов: Жастарды масылдыққа үйретпеу керек. Бәрін мемлекет дайындап беруі керек, алған кредитті төлей алмасам кешіруі керек т.б. деген талаптар онша көңілімнен шықпайды. Қазір нарық заманы, адам істеген ісіне жауапкершілік алып үйренуі керек. Бұл да өркениетті қоғамның бір белгісі.

Біздің халықтың бір бөлігінде өзінің барлық әрекетіне тек мемлекет жауапты деп санайтын түсінік бар. Мысалы, сенің кредитке алған телефонына мемлекет несие өтемін жауып бермейді. Бірақ жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай жасауы қажет.

Jas qazaq: Жастар үйтіп-бүйтіп оқуын бітірген соң жұмысқа тұрайын десе, барлық жерде жемқорлық тамыр жайып кеткен. Сосын дымы құрып, жеке кәсіптің басын шалғысы келеді. Иә, соңғы жылдары кәсіп ашып, ісін дөңгелеткен жастар қатары көбеюде. Бірақ пайыздық мөлшерлеменен айтар болсақ, жұмыссыз жастар көбірек сияқты.

Е.Шаланов: Мен кәсіпкерлікпен айналыстым. Әлі де қол үзген жоқпын. Кәсіпкерлік қазіргі нарықтық қоғамда кез келген мемлекетті құтқаратын сала. Нарықтық қатынастарда мемлекеттің негізін құрайтын орта дәулеттілер. Олар неғұрлым көп болса, мемлекеттің бақуаттылығы артады. Сондықтан балаларды мектеп жасынан белгілі бір кәсіп түрін менгеріп шығуға, өз саласында үздік болуға, алдына мақсат қоя білуге, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыруға оқу ордалары ауқымды жұмыс жүргізуі керек. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар да жағдай жасауы тиіс. Өйткені кәсіпкерлік қызмет деген аз дегенде өз отбасын асырауға алғышарт қалыптастырады. Өз отбасынан артылғанына кәсіпкерлікке икемі барлар 5-10 адамды, жүйріктері 5-20 адамды жұмыспен қамтыса, ғанибет емес пе!!

Президентіміз «Кәсіпкерлікті Қазақстанның жана келбетін қалыптастыратын бір бағытқа айналдыру» туралы жақсы айтып еді. Кәсіпкерлікпен айналысқан жастар ең алдымен белсенді, көзі ашық, көкірегі ояу, ешбір қиындықтан қорықпауға үйренеді. Кәсіпкерліктің біздің казак қоғамына берері үлкен.

шәкіртақысы көтерілуде. Ұстаз боламын деушілер қатары күн өткен сайын артып келеді. Оның артуы, әрине, сапаға әсер етеді. Бұрындары көпшілігі мұғалім болғысы келмейтін. Айтулы саналып кеткен экономист, зангер мамандықтарына түсе алмай қалғандар келетін. Қазір педагогикалық мамандықтарға өту балы жоғарылап, 75-тен асты да, бұл салаға үздіктер мен «Алтын белгі» алғандар келе бастады. Бұл болашақта педагог мамандардың саны еселеп артады деген сөз. Соларға лайықты білім бере алу керек. Сәйкесінше, осы оқыған балалар Қазақстанның келешек ұрпағын тәрбиелейтін ұстаз болады. Ұрпақ тәрбиесі отбасынан кейін мектепте басталады. Білім ұясында ең үздік мұғалімдер сабақ беруі керек. Сондай-ақ олардың жалақысы

БІР ҒАНА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨЗІНДЕ ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІН АСЫРАЙ АЛАТЫНДАЙ МҮМКІНДІК ЖАСАСА, БҰЛ САЛА ҚАЛАЙ ДАМЫП КЕТЕР ЕДІ! ТЕК ҚАНА ЖЕР АСТЫ БАЙЛЫҒЫНА, МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТҚА ИЕК АРТЫП ОТЫРА БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ. ДАЙЫН ӨНІМ ШЫҒАРАТЫН БАҒЫТТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛСЕ ДЕЙМІЗ.

жергілікті жердегі облыс, қала әкімдерінің айлығынан кем болмауы тиіс. Сонда олар тұлға болады. Ал өзі тұлғаға айналған адам жігерлі, көшбасшы тұлғаларды тәрбиелеп шығарады. Мемлекет осыған басымдық беруде.

Елімізде онтүстік пен солтүстік, батыс пен шығыстың менталитеті әр түрлі. Жалпыхалықтық деңгейде ұлтты ұйыстыратын ортақ тетіктер, идеологиялық алғышарттар, кешенді бағдарламалар қажет-ақ. Өйткені

тұста казактың қалыптасқан дәстүрін, ата-бабаларымыздың рухын әртүрлі шығармалар, кинолар арқылы, балалар мультфильмдері арқылы, мектептегі, жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламалары арқылы сіңіруіміз керек.

Тағы бір өзекті мәселе, жастардың кітап оқуы азайды. Кітап оқымаған ұрпақтың таным-түсінігі тар, сөздік қоры таяз болып келеді. Мұның да шешу жолдарын қарастыратын уақыт жақындап келе жатқан сияқты. Айта берсең, мәселе көп. Бәрі айналып кеп «қантардағы оқиғада» арандап қалдық па?» деген мәселеге келіп тіреліп тұр ғой. Менің жеке ойым, жастар қатты арандап қалды дегеннен гөрі, олардың албырт көңілін, күрескерлік рухын, айтайық деп шыққан тілегі мен ниетін ойы бұзық, осы елдің қазіргідей қалыптасуына қарсы бір топтың пайдаланып кеткеніне көбірек ұқсап кетті ме деймін. Расында, сырттан біреулер араласты. Президенттің айтқан сөздерінің жаны бар. Өйткені геосаясат мәселесі де өте үлкен рөл ойнайды. Бірақ геосаясат мәселесін қозғасақ, өте үлкен тақырыптарға ауысып кетеміз.

Jas qazaq: Әңгімеміздің соңын жастардың өз саласының шебері болуына қалай тәрбиелесек болады деген сұрақпен қорытындыласақ...

Е.Шаланов: Қазіргі әлем — ашық әлем. Кез келген жерден кез келген ақпаратты табуға болады. Мысалы, жақсы дамып жатқан бизнес субъектілер өндірісіне жапондардың Кайдзен жүйесін енгізіп жатыр. Кайдзеннің ең алғашқы философиясының бірі, «әркім өз саласында үздік болуы керек» дегенге саяды. Мысалы, сен көше сыпырушысың ба, көше сыпыратындардың ең үздігі болуың керек. Осы идеологияны жастарға сіңіре алсақ, біздің Қазақстанда ешқандай проблема болмайды. Әркім үздік болуға ұмтылады. Үздік қоғамда мәселенің шешілуі неғайбыл.

Мемлекетті алға сүйрейтін мықты мамандар! Біздің мемлекеттік жүйемізде «елім» дейтін отанышыл, мемлекетшіл кадрларға сұраныс бар сияқты. «Болашақ» бағдарламасы жақсы, бірақ тек осы сипаты ғана адамның маньзды мемлекеттік лауазымға келуіне негіз болмауы тиіс. Қала мен ауыл проблемаларында айырмашылық бар, орталықтан

бағдарлама әзірлеу барысында мұны ескеру керек. Ауыл халқы үшін өте маңызды әлеуметтік түйін қала тұрғыны үшін түкке тұрмауы мүмкін. Дәл сол сияқты, керісінше болуы да мүмкін. Мемлекет мұны да ескеруі керек.

Jas qazaq: Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Мәдір КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Еңбекқорлық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Әйтсе де, қазір жеңіл жолмен, біреуді алдап-арбап табыс табудың жолын іздейтіндер көбейді. Ал біздің бүгінгі көйпкөріміз өзінің таза еңбегімен бала-шағасын өсіріп, зейнетке шықса да жұмысын жалғастырып, өлі күнге дейін еңбегінің жемісін көріп отырған әжеі.

Ұлдахан әже:

ЖҰМЫСТЫҢ АУЫР-ЖЕҢІЛІ БОЛМАЙДЫ

Ұлдахан Байғожаева Алматы облысына қарасты Алғабас ауылының тумасы. Бүгінде жасы 71-ге келсе де, әжей адал еңбегінің жемісін көріп, ұл-қызы мен немерелеріне пана болып отыр. Зейнет жасына келіп, бұлай тапжылмай жұмыс істеуінің сырын әжейден сұрағанымызда, ол кісі әңгімесін әріден бастайды.

«Жұмысқа ерте жасымнан араластым. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін 1967 жылдан бастап ауылдағы совхозда әр түрлі жұмысты істеп жүрдім. Мен қандай жұмыс болса да, жүрескіңізді атқара беретінмін. Өйткені сол кездегі заманның талабы солай болды. Тұрмысқа шығып, екі баланың анасы атандым. Одан кейінгі еңбек жолым Есік қаласындағы тігін фабрикасында жалғасты. Алматыға көшіп келгеннен кейін университеттің биостансасында вахтер болдым. Ол жерде екі жылдай жұмыс істегеннен кейін Алматы таксопаркінде 20 жыл еден жуушы болдым. 14 жылдан бері Бостандық ауданында орналасқан балабақшада тазалыққа жауаптымын».

Әжей қимыл-қозғалыстың арқасында денсаулығында аса кінәрат болмағанын айтады. «Шынықсаң, шымыр боласың» деген сөз маған қаратып айтылған-ау» деп күліп алған апамыз әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

«Балабақша менгерушісі кейде жаны ашып «Бәлкім, жұмысты қоярсың, үйде немере бағып отырмайсыз ба», – дейді. Зейнетақым да жаман емес. Бірақ әбден тыным таппай еңбектенуге үйреніп қалғасын ба, үйде отыра алмаймын. Немерелерім де

TIRSHILIK

www.jasqazaq.kz



мінезі жараспай, кіші қызы өмірге келгеннен кейін екіге айырылысыпты. Бүгінде бір ұлы мен бір қызы есейген. Ұлы отбасымен бөлек тұрады. Ал Айгүл атты қызының денсаулығында кінәрат бар. Апай бүгінде Айгүлінің қызы Салтанаттан шөбере сүйіп отыр. Қызы мен немересіне пана болып отырған әжей Навои көшесінде орналасқан жер үйі сүріліп, көпқабатты үйдің тұрғыны атанғаны туралы айтып берді.

«Алматыға ертеректе келгендердің бірімін. Жұмыс істеп тірнектеп жиған қаржыма балаларымның кішкентай кезінде Навои көшесінің аяқ жағынан бір орыс кемпірдің үйін сатып алдым. Ауласы екі сотықтан сәл асатын. Ал үй кішкентай болды. Балалар да сол ауданда өсіп-жетіліп, білім алды. Тар болса да, өз үйім ғой, мен үшін кең сарайдай еді. Осыдан 7-8 жыл бұрын үлкен кешен салынатындықтан, біз тұрған көшедегі үйлер сүрілді. Мемлекеттің ұсынған ақшасы екі бөлмелі көпқабатты пәтерге жетті. Қазір Абай мен Сайын көшесінің қиылысында тұрамын. Айгүлімнің денсаулығы жок. Азын-аулақ зейнетақы алады. Немерем де қазір шөбереммен қолымда. Ол да бір жағма шығып жұмыс істеп жүр. «Апа жұмысты қойыңыз, шөбереңізге қараныз, мен сіздерді асыраймын», – дейді. Бәлкім, шөбереме қарап үйде

отыратын шығармын. Орныма жақсы адам тауып, демалсам ба екен деймін. Үйде қол қусырып отыра алмаймын, балабақшаның жайын ойлап, бәрібір барып алатын сияқтымын. Ұзақ жыл жұмыс істеген орным да өз үйімдей болып кетеді. Бір жағынан, біз ескі заманның адамдарымыз, біз үшін жауапкершілік үнемі бірінші орында. Ал қазіргі жастардың бойынан осы қасиетті көре алмаймыз», – деп әңгімесін аяқтады.

Өмірдің өзінен

Алматының «Жетім бұрыш» аталып кеткен тұсында қолына бақыр салатын ыдыс ұстаған қарияны жиі көремін. Түріне қарасаң, көшедегі қаңғыбасқа да, тапқанын ішімдікке жұмсайтын маскүнемге де ұқсамайды. Бірде жанынан өтіп бара жатыр әдім, «Қызым, дәрі-дәрмекке көмектесе аласың ба?» деді қиылып. Қасына барып, амандық-саулық сұрастым. Әңгімеге тартып әдім, іші толып қалған ба, ақтарыла жөнелді.



да тұрмысы мәз емес. Тапқандары отбасының күнделікті тамағы мен керек-жарағына әрен жетеді. Масыл болмайын деп осылай көшеге шығып жүрмін». Қарияның есімі – Төлеген болса да, ол өзін «Толік Николаевич» деп атайды. Жас кезінде достарының қойған лақап аты екен. Сондықтан ол өзін Толік ата деп атауымды өтінді. – Толік ата, зейнетақыңыз қанша? Күнделікті тапқаныңыз неге жетеді? Қыс болса мынау, қылышын

сүйретіп келуге аз қалды...

– Тұрақты жұмыс істемегендіктен, тек көрілігім үшін зейнетақы аламын. Оның өзі жыл сайын өсті десек те, 50 мың теңгеге әрен жетеді. Зейнетақы көртішкем бізге қарап отырған ағамның немересінде. Жартысын азық-түлікке жұмсап, жартысын өзіме береді. Ары-бері жолым бар, алатын дәрі-дәрмегім бар, осылай күн кешіп жүрмін. Азық-түліктің бағасы шарықтап тұр. Біз сияқты ілініп-салынып бір айдан бір айға әрен жетіп жүргендерге қиын-ау. Қызым, мен осы күнге дейін қаншама кезенді басымнан өткіздім. Біз кенес заманында туылып, сол тәртіппен өмір сүрдік. Ол уақыттың өз артықшылығы мен кемшілігі бар. Бірақ сол кезеңдегі адамдар бақытты еді. Рас, қазақ мектептері аз болды. Біз де орысша оқыдық. Үйде отырғанда қарайтыным теледидар еді. Кейінгі кезде оны да көруден қалдым. Атыс-шабыс. Ұрып кетті, зорлап кетті, атып кетті. Жаналықтардың ауаны осы, – деді атай.

Толік ата күн сайын, таңғы асын іше сала Татарқадан «Саяхатқа» келеді. Аяндап Макаатав пен Конаяв көшелерінің қиылысына жетіп, күнделікті «кәсібіне» кіріседі. – Ата, қазір тиын-тебен беретіндер бар ма? Өзіңіз байқаған шығарсыз, кімдер көбінесе сізге көмек беруге дайын? – Үндемей тұра берсем, ешкім назар аудармайды. Көптің бірі болып, бір орында тұра бересін. Жанағы өзіне айтқандай, «дәріге көмектесіңізші десем», жанымынан өтіп кеткен адамның өзі кері қайтып, барынша көмегін беруге тырысады.

«Көбінесе жастар көмек беруге құштар. Бірақ арасында көрсе де, көрмегендей болып өтіп кететіндері бар. Әрине, мен ешкімге ренжімеймін. Барлығы маған көмектесуге тиіс емес қой. Арасында жомарт жандар да бар. Олар жақын жерден ыстық тамағы мен сусынын әкеліп береді. Меірімді адамдар көп қой. Бірақ, қызым, саған өзім байқаған бір нәрсені айтайын. Жастар демекші, біздің кезімізде 25 жастан асқан жігіт нағыз жігіттің төресі еді. Сол замандағы адамдар салмақты әрі саяхатқа көретін. Өткенде осы жерде бір топ жігіттер тұрды. Айтқан әңгімелері де бір түрлі. Жиналып алып ыржалаң-ыржалаң етеді. Жастарын сұрасам, 23-24 жастағы жігіттер. Соларға қарап ұсақталып кеттік пе деп ойлаймын. Көршіміздің 25 жасар ұлы бар. Жұмыс істемейді. Кәрі әке-шешесінің зейнетақысына күн көреді. Жағыз ұлы боландықтан, олар да үнемі еді. Әлгі жігіт түні бойы қыдырады, күндіз ұйықтайды. Әрине, барлық жастар ондай емес шығар. Бірақ мен өзім көргенімді айтып отырмын».

Толік ата осылай әңгімесін аяқтады. Біз әңгімелесіп тұрғанда ары-бері өткендер атаның ыдысына тиын тастап жатты. Ал қария «дәрі-дәрмекке көмектесіңіздер!» дегенді жиі қайталап қала берді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Беттинг

БӘС ТІГУ ТУРАЛЫ «АҢЫЗДАР»

Букмекерлік бәс тігуде баюға бола ма? Желіде бұл жайында небір әңгімелер айтылады. Мұндай «аңыздарды» кім шығарады және ол не үшін керек? Бұл жолы осыған тоқталайық.

«СІЗ БУКМЕКЕРДІ АЛДАЙ АЛАСЫЗ»

Спортқа бәс тігуге арналған тақырыптық сайттарды «капперлер», яғни өздерін осы салада кәсіби санайтын адамдар жүргізеді. Шын мәнінде, олардың көпшілігі — құпия тәсілдер мен стратегияларды саудаға салатын алаяқтар. Олар тұрақты түрде қалайша ұтуға болатынын, сол арқылы мол пайдаға кенелгенін айтып жұртты алдайды. «Сен де тоқшылықта өмір сүргін келе ме? Оны менен сұра» деп өзеурейді «мамансымақ».

Олардың бәс тігуден емес, өз өтірігінен ақша табатынын білеміз...

Асқан ақилы және қулығымен букмекерді алдап, ақша тапқандар туралы әңгіме тіпті көп.

Мәселен, «шанышқы» тәсілін (бір-біріне қарама-қарсы, бір-бірін жоққа шығаратын спорт бәсекесіне бір мезгілде бәс тігу) пайдаланып, букмекерді тақырға отырғыз дейді. Соның нәтижесінде букмекер кеңсесі қаржыдан қағылып, қалай болғанда да пайдаға кенелуге болатынын айтады.

Ал шын мәнінде, мұндай ертерге аңқаудың аңқауы ғана сенетін шығар. Букмекерлік кеңсе бизнесінің мәнін түсініп алған жөн. Оларды алдау мүмкін емес. Себебі ондаған жылдар бойы алаяқтар ойлап тапқан барлық айла-амал атаулыны кез келген букмекер жақсы біледі.

Солай жасап көрем десеңіз, ережеге сәйкес, сізді бұғаттайды, «қара тізімге» енгізеді. Оған қоса, айыппұл төлетеді. Букмекердің клиент ұтылысынан ғана ақша таппайтынын ұғыну керек. Олардың табысының басты көзі — әу баста коэффицентке салынған маржа. Нақты айтсақ, бәс тігуші ұтса да, ұтылса да, букмекердің есебі түгел.

Сондықтан алаяқтың әдісіне ергендер емес, әрбір спорт бәсекесіне тәптіштеп талдау жасайтын, барлық факторларды есепке алып,

соның негізінде болжам жасайтындар ғана ұтысқа қол жеткізеді. Букмекермен ойын өсте де рулетка емес. Ол — ақыл-ой еңбегі.

ҮНЕМІ ҰТУ МҮМКІН БЕ?

Ақилы кеңес берушілердің тағы бір өтірігі — әлемде ешқашан ұтылмайтын айрықша стратегия. Ол туралы білетіндер саусақпен санарлық деп сендіреді. «Егер сіз оны игеріп алсаңыз, жұмыс істеудің де қажеті жоқ. Сіз ылғи да ұтасыз ғой, онда жұмыс істеудің қажеті қанша?» — деп өзеурейді.

Әлгі «кәсіби маман» өзінің дәл осы ерекше стратегияның арқасында байығанын айтып сендіреді. Сізге де осы «супер құпияны» сатуға әзір. Ол қанша тұрады? Арзан емес, әрине. Біреу жүз мың теңге дейді, тағы біреуі 500 мың теңге сұрайды. Ауадан ақша жасайтын судырда ар-ұят бар дейсіз бе?

Ал шындығында ондай стратегия жоқ. Букмекерді де, басқаны да алдап, үнемі ұтысқа кенелу мүмкін емес. Болашақты жүз пайыз болжау ешкімнің қолынан келмейді. Сондықтан әлгіндей «ертегі» айтатын стратегия сатқыштарға ақша төлемеген дұрыс.

«ФУТБОЛ – ҚАРАПАЙЫМ СПОРТ»

Футбол — кең таралған, еріксіз еліктеретін спорт. Беттингтің қыр-сырын меңгерген жандардың футбол матчтарына бәс тігуге құмартатыны да бекер емес. Неге екенін, букмекерлік бәс тігуде футбол ең оңай спорт түрі деген сөз бар. Бұлайша шатасуға футбол матчтарының жиі трансляциялануы және спорт баспасөзінде тұрақты сөз етілуі әсер етсе керек. «Футболға бәс тігу соншалықты күрделі емес» деген пікірге желідегі матч пен турнир статистикасының қолжетімді болуы да өз әсерін тигізеді.

Бұлайша адасуды «алдағы ойын нәтижесін есептеу қиын емес» деп болжам сатқыштар да қыздыра түседі.

Сонымен футболға бәс тігуде ұтысқа қол жеткізу шынымен оңай ма? Жок, әрине.

Ойынға сіз білмейтін, біле де алмайтын көптеген факторлардың әсер ететінін ұмытпаңыз. Команда құрамы мен әрбір ойыншының қарым-қабілетін жақсы білу керек. Матч кезінде ойыншыларды алмастырып жатады. Бұған дейінгі кездесулердің статистикасына үнәліп, әр командадан қандай құрам ойнайтынын да анықтап алу керек. Қай



ойыншы жарақат алған, өз алаңында ма, сырт алаңда ойнай ма, ауа райы қандай — барлығы да есепке алынады. Мамандар футболды болжамға көнбейтін спорт деп бекер айтпайды. Қысқасы, букмекерлік бәс тігуде он аңай спорт түрі футбол деген шындыққа жанаспайды.

«ЫРҒЫН АҚША» ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Әдетте беттингке құмартушылар оған жай ғана ермек деп қарайды. Біреулер үшін ол демалыс, енді біреулерге ақыл-ойын дамыту, тағы біреулер үшін сүйікті командасына қолдау көрсету. Спортқа бәс тігуді ешкім ақша табудың тәсілі деп қарамайды. Бірақ «біреулер бәс тігуден ырғын ақша тауыпты» деген аңыздар тақырыптық сайттарда өріп жүр. Жанадан бәс тігушілерге әлдебір «кәсібилердің» ай сайын табысқа кенеліп, бір жылдың ішінде шіріген байға айналатынын айтып, басын айналдырады.

Оған қалай жетуге болатынын да айтып береді. Әлбетте, ақша төлесеніз.

Олжабек БАЙҚАТОВ

Бұрынғы кезде бөлімше орталығы болғандықтан, мектебіміз сегізжылдық еді. Аудан орталығынан небәрі тоғыз-ақ шақырым жерде орналасса да, ауылымыз кики-жикылау. Көше деген атымен жоқ. Сонау кеңес дәуірінде қалай болса, солай салынған ауыл үйлерін өтпелі нарық уақытында кім жөндей қойсын. Оның үстіне күнкөріс қамымен ауылдың үлкендері де, жастары да қалалы жерлерге қарай жылыстап кетіп жатса.

Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін, мен тоғыз шақырым жердегі аудан орталығына емес, біздің ауылдың ар жағындағы Маңырақ мектебіне ауыстым. Өйткені сонда туыстарымыз бар еді,

сенен екі жас кіші. Оның үстіне әлі піспеген шала. Құдай біледі, мынау әлі қыз дегеннің не екенін білмейтін бокмұрын. Оны өзін үйретуін керек. Мына қалпымен үйрене қойса жақсы. Сен онан да ана Алтынбектен айырылма...

Мен Есімжанның көрікті әрі биязы бала екендігін айта бастап едім, құрбым: — Оның түріне ас құйып ішесің бе? Алтынбек... — дей береді.

Құрбымның Алтынбек деп қақсап тұрғаны — менің өз ауылымда қалған жігітім. Екеуіміз кәдімгідей жүргенбіз. Бір-бірімізден хабарымызды үзбегенімізге қарағанда, әлі де жүреміз-ау деймін. Ол қазір әскер қатарында, алыста.

Ұялшақ ұлға ғашықпын

ата-анам сол кісілердің үйінде тұрып оқу қолайлы деп шешті.

Мұндағы мектеп ауылдың оңтүстік батыс жақ шетіндегі аласалау үйге орналасқан. Бір кездері бөлімше кеңсесі, одан кейін интернат болыпты деседі. Бір қызығы, сабақ басталар алдында осы мектепте таңертең апта сайын оқушылар линейкасы өтеді екен.

Қыркүйек айының басында ауа райы тамаша ғой. Мектеп ауласындағы линейкада тұрып, басқа жақтан келгендер бұл жана мектепте қандай балалар оқиды екен деп саптағыларға жағалата көз тастаймыз. Алғашқы күні ғана емес, келесі линейкаларда да сөйтіткі.

Екінші линейканың уақытында менің көзім орта бойлы қара торы бір ұлға түсе кеткені. Үстіндегі киімі жұпынылау екен. Шашын тықырлап алдырып жүретіні де көрініп тұр. Былайша айтқанда, өмірдің алдығы қатарында жүрген «модный» балалардың тобынан емес. Үзіп-жұлып әкетіп бара жатқан өжеттігі де, өзгешелігі де байқалмайды.

Бірақ сонысына қарамастан, әлгідей жұпыны қалыптағы осы баланы көргім келетін бір әдет пайда болды. Үзілісте көзімді айнала қыдырта іздейтінім де — сол. Өзімен-өзі жүретін тыныштау бала сияқты. Жұлқынып, жарқырап тұрған жоқ. Ендеше мұндай жанның менің көңілімді бөле беретіні, назарымды алаңдатып қоятыны несі?

Осы сұраққа жауап іздедім-ау деймін, әлгі ұлдың өзіне білдірмей, ылғи зерттей қараймын. Сөйтіп жүріп аңғарғаным — бұл баланың басқаларға қарағанда өңділеу екендігі. Ойлы қоңыр көзді, қыр мұрынды, бет-пішіні келбетті. Назарыма ілінсе болғаны — көзімді алмастан, оның жүзіне қарап тұра бергім келеді.

Бір рет линейкада ешкімге байкатпай, құрбымның иығына сүйеніп, тағы қарап тұрғанмын. Қырынан қарағанда тіпті сүйкімді көрініп кетеді екен. Әлгі бала менің назарымды көз қиығымен байқап қойды да, бір түрлі қызарып кетті. Соған қарап мен оның әлі беті ашылмаған ұялшақ жан екендігін түсіндім. Маған ұнамағаны сонысы болды. Бір құрбыма сыр бөлісіп елдім, ол:

— Ұялшақ, жасық ұлдарды жаным жек көреді. Ондай ұлдың керегі жоқ. Өзінің түрі анау, — деп салды. Түрі дегенде ол баланың жұпыны киімін, ұялшақ қалпын айтты-ау деймін. Әйтпесе, Есімжан атты осы баланың түрінде ұялатындай сорақы бір кемшілік жоқ.

Құрбым маған бірде тағы былай деді: — Бағдағұл, байқаймын, сен оған ғашық емессің бе өзі? Тегі есіл-дертің сонда ғой. Сен оны қой енді.

— Неге? — деймін ғой мен одан. Сөйтсем, құрбымның жауабы мынандай болып шықты:

— Енді ойлансаңшы өзің. Сен ғой биыл соңғы сыныпта оқып жүрсін. Бітіріп, оқуға кетесің. Ал мына бала

КА

афеден кейін Ержігіттің пәтеріне келгенбіз. Үш бөлмелі пәтерде сол күні өзі ғана қалған екен. Бәрімізді бастап жүрген Макс:

— Ал, Айнұр, — деді бәріміз пәтерге кіріп, залға жайғасқаннан кейін. — Туған күнің тамаша өтті. Енді ары қарай осы арада жалғастырамыз.

— Жалғастырамыз ба? Ой, қандай тамаша! — деп алақанын шаттана шарт еткізген Айнұрдың өзі. Туған күнін өткізіп жатқандай емес, тап бір күйеуге жана шығып тұрғандай болып, билеп кетуін аз-ақ алдында тұр.

Сонан бәріміз дастарқан жасауға жабыла кірісіп кеттік. Бәріміз дегеніміз — ұл-қызымыз аралас он шақты жаспыз. Екі-үш баладан басқасының бәрін бұрыннан танимын.

Аздап шарап ішіп, қызыңқырай түстік. Дастарқанға отырғанымыз сол еді, Айнұрдың:

— Кане, отырмандар, билейік, — деген даусы санқ ете қалды. — Немене, тамақ көрмей жүр ме едіңдер бәрің?

Мұндай сөзден кейін жан қалушы ма еді, бәріміз атып тұрып, билеуге кірістік. Музыка да класс екен, шетімізден құтырып алып жоғалдық дейсін. Жеңіл биден кейін вальс басталды. Мені алдымен Накан шақырды, одан кейін Олжас. Олжас менің жігітім ғой, одан соң Қуатбекпен биледім. Сөйтіп жүріп, байқамай қалған екенмін, Инеш менің Олжасымның иығына қолын артып алыпты. «Менің» деп айтқанымға қарап қызғанып отыр деменіздер. Әлі ондай ойға бара қойғамын жоқ, өйткені бұл екеуі бір-бірімен бүгін ғана жана кафеде танысқан.

Көз қиығыммен қарап қойып жүрмін, екеуі бір-біріне қарап сөйлегенде, ауыздары жабылар емес. Сонда деймін-ау, таныса салып, бұл екеуі қандай ортақ әңгіме тауып алды екен?

Осы тобымыздың бас көтерері Макс қой, мені қолымнан тартып, биге шақырғандардың бірі сол. Сөйтіп жүріп көз қиығым түсіп кеткен соң анықтап қарасам, Олжастың құшағында тағы да Инеш. Байкатпай санап жүргенмін. Бір емес, екі емес, үш рет. Сол сәтте көңілімнің түпкірінде сұмандап шыға келген «Бұнысы қалай? Осы пәле Олжасты айналдырып алып жүрмесін» деген суық күдік. Бір кезде қарасам, билеушілердің

Айналдырып ала ма деп қорқамын

арасында екеуі де жоқ. Әлдеқандай жаманатты сезгендей болып, қасымдағы жігіттен кешірім сұрадым да, залдан ақырын ғана сырғып шығып кеттім.

Дәлізден қарсы алдымнан Айнұрдың жолығып қалғаны.

— Айнұр, сен Олжасты көрген жоқсың ба? — дедім оған. Неге екені белгісіз, Айнұрдың жүзі құбылып кеткендей болып, артына қарай қайтадан жүрді де:

— Олжас, сені Гауһар іздеп жатыр, — деп аттандай айқайлады. Үй ішінде тұрып бұлайша

А

АДЕБИЕТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Біздің сыныпта бір жырбақай қыздар бар. «Жырбақай» деп отырғаным — олар жастары жетпей, ұлдармен қыдырып, өздерінше жүре бастаған. Тоғызыншы сынып оқушысы үшін мұндай жүрістің тым өрескелдігі де жоқ шығар, ал жетінші сыныптағы қыз үшін...

Әй, білмеймін. Сіздер қанша жақтасаңыздар да, мен үшін ол жаста ұлдарға жақындасу тым ерте сияқты болып көрінеді. Сіздер мені ондай қыздарды ұлдармен жүргені үшін қызғанып отырған шығар деп ойлап қалмаңыздар. Қызғанып қайтем?

Мен өзім сабақты жақсы оқимын. Басқа құрбы қыздарым сияқты желпілдеп қылдыра беруге де жоқпын. Жоқ болғанда, енді қалай десем екен?

Ел құсап менің де жапырағымды жайып, ойнап-күлгім келеді. Менің де қаладағы демалыс орындарын аралап, түнде көшемен жүріп, өзімше сауық құруға деген ынтам керемет. Бірақ мен ондайға бармаймын. Бармайтын себебім — өзіме-өзім тыйым салып қойғамын. «Ой, өйтіп қылдырғанға әлі ерте ғой. Онан да сабағымды оқып, интернет қарап үйде отырмаймын ба?» деп ойлаймын.

Маған болмайды... ғашық болуға

Әр сыныптың өзінің мұғалімдер үлгі қылып көрсетіп, үнемі ауызға алып жүретін бір оқушылары болады ғой. Біздің сыныптағы сондай төрт-бес оқушының біреуі менмін. Сондықтан мен өзімнің төменгі сыныптан бері ұстаздар аузында келе жатқан



бақырғаны бір түрлі қонымсыздау естілді. Бір кезде қарасам, Олжасым ас үйдін балконынан шығып келеді екен.

— Неғып жүрсің ол жақта? —деп сұрасам: — Жай, таза ауа жұтып... — дейді ол сөзінің аяғын жұта сөйлеп. Артына қарай бір қарап қойған Айнұр мені залға қарай қолтықтап ала жөнелді. Көңілім әлденеге алаңдаулы болғандықтан, мен де олармен ілесіп, залға кіре бердім де, байыз тауып отыра алмай, қайта түрегеліп кеттім. Сол кезде

жақсы оқушы деген планкамнан түскім келмейді. Олай болуы заңды да сияқты ғой. Жақсы оқуыммен қатар, мен басқалар сияқты «ұлдармен жүреді» деген жаман атқа ілінгенім жоқ. Ілінгім де келмейді. Ата-анамның алдында, көршілердің және т.б. жақын кісілердің алдында ұят та ғой.

Сонан бір күні... Әңгімемді қалай бастауды білмей, тіпті ынғайсызданып отырмын.

Аяқ астынан, тіпті ойламған жерден, он бірінші сыныптағы бір ұлды жақсы көріп қалғаным. Неге жақсы көрдім, білмеймін. Жалпы маған ұл балаларды жақсы көруге болмайтын еді. Өйткені мен басында айтып өткенімдей, сабақты жақсы оқитын, оның үстіне тәртіпті, былайша айтқанда, жаманшылық дегенге қия баспайтын тұзу қызбын ғой. Ұлдармен алысып-жұлысып жырқылдап жүретін де мінезім жоқ. Жылы сөз айтып, алысқысы келген, не болмаса ыржаңдағысы келген балаларды аямай, қағып тастаймын. Менің осы мінезімді білетін сыныптағы ұлдар маған көп қолай да бермейді.

Алғаш көргенде ішімде бірдеме дын етіп үзіліп түскендей болды. Екінші кездескенде, ешкімге білдірмей, қайта-қайта жалтақтап қарай беріппін. Онан кейінгі ұшырасулар кезінде де осындай бір жүрек толқытқан әдемі әсерлер.

Өзімді-өзім жеңіп, іштен тынып жүрген жайым бар. Кейде өзіме онашада ұрсып та қоямын: «Мәлике, шошандамай, жайына жүр. Сенің сабақ оқуың керек. Мектепті жақсы бітіріп, университетке түсуің керек. Қайда-а, әлі алда істейтін жұмыстарың қыруар. Жігіт деген сонан кейін...» деп.

Жалпы менің жеке жоспарым бойынша, жігіт деген нәрсеге сол университеттің соңғы курстарында ғана көңіл бөле бастаған жөн. Оған дейін ойласаң болғаны, керекті нәрсенің бәрінен қағылуың әбден ықтимал.

Ал сонда менің осы бір әдемі планымды бұзып, ойда-жоқта шыға келген мынау не қылған әуейілік? Бұл менің қай сасқаным? Ғашықтық деген пәлекеттің маған керегі не?

Түсінбеймін. Әлгі балаға осы жолықпайыншы, көрмейінші деп, неше рет әрекет жасадым. Бірақ ішкі жағымдағы әлдене өзімді тындамай, ақыл-санама бағынбай, соны іздейді. Атын айтпай, әдейі «сол» деп отырмын. Кейде ұйықтар алдында да санама сыздықтап кіріп алатын — Соның бейнесі. Мен сіздерге «кейде» деп өтірік айттым-ау деймін. Үнемі ойлаймын деп шынымды айтсам, аузым қисайып қала қоймас.

Ал ол болса... менің өзіммен-өзім арпалысқан осынау аласапыран күйімді сезбейді. Өйткені Оны анадайдан көрген бойда есімді жинауға тырысып, қабағымды шытынатып, түйіп ала қоямын. Ол жаққа мүлде қарамауға тырысамын. Бірақ қайда? Бір кезде екі көзімді сол жақтан ала алмай, мөлііп, қарап отырғанымды бір-ақ сеземін. Бір-екі рет ол да көрді. Көрген кезде бетім ду ете түскені айтсаңшы. Тіпті нарттай болып қызарып кеттім-ау деймін.

Не істерімді білмей, іштен тынып, тұншығып жүрмін.

Болмайды, маған ғашық болуға болмайды. Әлі ерте ғой. Небәрі тоғызыншы сыныптамын. Қалайда оны қасыма жақындатпауым керек. Одан қалайда қашып құтылуым керек. Ойбай-ау, оның өзінен емес, оған деген ынтызарлық сезімімнен. Содан құтылу мүмкін бе? Әзірше ешқандай жол таба алар емеспін.

Онымен сөйлесе бастасам болғаны, менің таяу жылдарға белгілеп қойған жоспарым быт-шыт болып, түп-тамырымен өзгеріп шыға келетін сияқты...

Осындай қиналған сәтте келген ойларымның бірі — «Басқа ауылға көшіп кетсек қайтеді?» Менің жұқалап айтқан ұсынысымды ата-анам, тіпті түсіне алмай әлек. Жата қалып, жабыса тергейді келіп: «Біреу тиісті ме саған? Әлде мұғалімдеріңмен ұрсысып қалдың ба? Киімін нашар деп жүрген біреулер бар ма? Қоғамдық жұмысқа көп шеге ме? Не болды саған астыннан су шыққандай».

Жоқ, болмайды маған ғашық болуға!

өзінен-өзі солай деді. Содан кейін сыр бермеуге тырысып, ана екеуін көзімнің астыммен бақылауға кірістім. Бір кезде қарасам, қалай екенін білмеймін, тағы да сайтандай зып ете түсіпті.

Билеп жүрген Ержігітті ітеріп тастадым да, тікесінен жанағы балконға тарттым. Рас, сүйісіп тұрған жоқ, бірақ Инеш менің жігітімнің иығына қолын артып алыпты.

— Гауһар, поймы, мы просто так стоим, — дейді Инеш ыржындай күліп. Осыдан кейін-ақ түсіндім, Инештің менің Олжасымда көңілі бар екенін.

Мұндайда жігіттер қашан мойындаушы еді, тіпті манайлатқысы келмейді. Бірақ сонысына сеніп, тәлімсіп тұратын жағдай қайда:

— Ендеше былай жүр, — деп ай-шайға қаратпасаң, дедектетіп ала жөнелдім. Сонан кеш аяқталып, жұрт қашан тарқап кеткенше қасымнан бір елі шығарған жоқпын.

Бірақ адам баласына сенім бар ма, көңілге бір сайтан кірмесін деңіз, кірсе бітті, менің «әке-көкелегеніме» кім қарай қояр дейсін.

Содан бері шамамның келгенінше Олжасты сырттан өзіне сездермей бақылаған болып жүрмін. Сонда да болса, «бұл екеуі маған білдірмей, жолығып жүрген жоқ па екен» деген ой көңілімнен кетер емес.

Нұрләулет АҚЫП



www.jasqazaq.kz

7





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АІНА



www.jasqazaq.kz

1. «ДЕКАБРИСТЕРДІҢ» БІРІ



Біз онымен өткен ғасырдағы 1974 жылдың қара күзінен таныспыз. Алматыдағы Қазақ университеті дайындық бөлімшесіне келгенде алғаш рет ұшырастық. Ұзын бойлы, қараторы, денесінде артық еті жоқ жіптіктей жігіт екен. Әдеби де жаксы, әңгімесі де әдемі көрінді. Жұмыс істеп, ысылғаны, талай шаруамен шұғылданып, әбден тәжірибе жинақтағаны бірден білінеді. Екеуміз құрдас та болып шықтық.

Сонымен үнемі темірдей тәртіпті сүйетін, ұлтының ұлдары ұлағатты болуы үшін жаны күйетін журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожакеев басқаратын комиссияның қатан сүзгісінен өтіп барып, дайындық бөлімшесінің тыңдаушысы атандық. Осылайша әскерге барып келген, әр жерде еңбек еткен, былайша айтқанда, өмір көрген жігіттер мен қыздар білім биігіне батыл бет алып, 28 панфиловшылар саябағы жанындағы бір кездері Қазақ университеті заң факультеті орналасқан ғимаратта оқыдық.

Дайындық бөлімшесінің деканы марқұм Талғат Сайрамбаев болатын. Ол кісі әзіл-қалжыңды тәуір көретін, әлдебір қызықты жайды әсерлі әңгімелеп, өзі де қарқ-қарқ күлетін, бізді де мәз-мейрам етіп кететін. Ал атакты профессор Қайыржан Беккожин, белгілі әдебиетші, тілші ғалымдар Мырзатай Серғалиев, Алма Қыраубаева және т.б. сабағын мұқият тыңдап, тапжылмай отыратынбыз.

Сол кездің өзінде өне бойын тәртіпті ұстайтын, тәрбиелі екені анық байқалатын, мінезі орнықты, ісі мығым Көлбай Адырбекұлы басқалардан байыптылығымен, салмақты сөзімен ерекшеленіп тұрушы еді. Оқытушыларға ойын батыл айтып, пікірін анық жеткізетін. Сондайда біздер осындай білгір жігітпен бірге жүргенімізге шынымен де риза болып қалатынбыз.

Осы тұста атап өтейік, студенттік шақтағы курсымыздың ең үлкендері — сөзі мірдің оғындай, білімі бір кітап томындай, профессорлармен қолтықтасып жүретін, киім киісімен де ерекшеленетін Елгезек Әзбергенов пен маң-маң басып жүріп-ақ талай маңызды істің басын қайыратын, студент кезінде-ақ жұмысқа орналасқан Махамбет Мәшекенов марқұмдар болатын. Олардан кейінгілері марқұмдар, әйгілі ақын Аманхан, қарапайым Қалу және аман-сау жүрген осы Көлбай, Кенес, біз едік. Өмірден өткен барлық курстастарымыздың жатқан жері жайлы болсын!

Сол Көлбайымыз бүгінде білікті жорналшы, қарымды қаламгер, көпке белгілі көсемсөзші. «Жүрек жұтқан», «Тамұқ», «Зекеннің қилы кезеңдері» кітаптарының авторы, «Тәуелсіздікке талпынғыс» повестер жинағы да жарық көрген.

Ал енді жоғарыда келтірілген «декабрист» деген сөзге келейік. Ол уақытта дайындық бөлімшесіне қабылдау қараша

айында жүргізілетін де, сабақ желтоқсанда басталатын. Біздің кейде қалжыңдап, өзімізге «декабристерміз» деп ат беріп, айдар тағатынымыздың сыры осы...

ЖАЗҒАҢДАРЫ – МЫҚТЫ, ІРІ

1952 жылы 20 қаңтарда қазіргі Түркістан облысы Бөйдібек ауданында туған қара бала кішкентай шағынан ширақтық танытып,

КӨЛБАЙ.
КӨЛЕКЕ.
КӨЛАҒА

немесе қазақ журналистикасының қайыспас
қара нарының бірі хақындағы қос қайырма

қатарының алдында жүріпті, ұдайы ұғымтал, тынбай тиянақты, оқуға да зерек болыпты. Осының бәрі айналып келгенде оны адамдықтың, адалдықтың ақ жолына аялап шығарыпты.

1980 жылы алты жыл оқып (дайындық бөлімшесін қосқанда) ҚазМУ-ді бітірген ол бірден Алматы облыстық «Жетісу» газетіне алынды. Өйткені, Көлекен сол шақта-ақ көзге көрініп қалған-ды. Суретті кәдімгідей жақсы салатын, ал мөлдіретіп жазған қолтанбасына қарасаң, сұлу қыздың мүсініндей мін таппайсың. Сондықтан Көлбай алдымен газеттің секретариатында тер төкті. 1989 жылы «Қазақ әдебиетіне» ауысып, мұнда да қаламының жүйріктігімен танылды.

Ал 1994 жылы «Заман Қазақстанға» шақырылып, ол жабылған соң, жаңадан ашылған «Түркістан» газетінде ұзақ уақыт табан аудармай істеп, зейнеткерлікке бір-ақ шықты

ғой. Дәл осы жерде оның шығармашылық өрісі өте кеңейіп, жазу өнеріндегі өзіндік өрнегі бар жоралғылы жолы жақсы жалғасты.

Жалпы Көлекенді ешқашан ерінбейтін, жалықпайтын, алған тақырыбын әбден зерделеп, зерттеп барып қана қалам қайратын жұмсайтын, ой орманына терең ендіретін, жазғанына күмәнсіз сендіретін нағыз жампоз журналист десек, еш қателеспейміз. Әсіресе, оның соңғы 20 жыл көлеміндегі Желтоқсан көтерілісі және соның салдарынан жапа шеккен азаматтар жайындағы «авторлық бағдарлама» айдарымен, «Казакское дело» тақырыбымен жарияланған қырыққа жуық журналистік-мұрағаттық мақалалары қоғамды бір серпілтіпті десек те, артық айтпағанымыз. Мәселен, Д.Конаев, А.Асқаров, Ө.Жолдасбеков, С.Зиманов, К.Нәрібаев, С.Әшімбаев, М.Шаханов, Б.Қойшыбаев сияқты қайраткерлер, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Б.Шарахымбай тәрізді



Осы орайда мынадай айрықша жай-жағдайды да атап айтқанымыз дұрыс. Ауғанстандағы қырғын соғыста моджахеттердің қолына түсіп, одан әрі Кубадағы АҚШ-тың Гуантомамо түрмесінен бір-ақ шыққан Қазақстан азаматы Илхомжан Ботаевтың анасының ұлын іздеп Ауғанстанға барған азапты сапары туралы «Жанпида» мақаласы Америка әскери сотында пайдаланылған. Соның арқасында Илхомжанның адалдығы дәлелденіп, жеті жыл жатқан түрмеден шығарылған да елге қайтарылған. Мұны қазақ баспасөзінде бұрын-



сонды кездеспеген жайт деуге әбден болады.

Сонда Алматыға сонау Америкадан тәуелсіз адвокат, Илхомжанның мүддесін қорғаушы Джонсон деген кісі арнайы келіпті. Онымен кейіпкерінің Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданынан келген әке-шешесі Хасият пен Тұрдыбай Ботаевтар және Көлбай «Отырар» қонақ үстінде кездесіп, кенінен кенескен, асықпай ақылдасқан. Нәтижесі жоғарыда айтқанымыздай болды. Бүгінде Илхомжан мұғалім көрінеді, бал арасын өсіретін шағын шаруасы да бар екен.

Көлекеннің еңбегі ескеріліп, 2004 жылы Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын алды. Ал 2006 жылы Президент сыйлығы берілді. Біралай мақаласы түрлі бәйгеде оза шапқан. Өткен жыл аяғында Бөйдібек ауданының Құрметті азаматы атанды.

Міне, біздің курсымыздың мақтанышының бірі Көлбайымыз, Көлекеміз, Қолағамыз осындай! Қазір де жетпіс жастың желкенін керемет керген кемесінің басты бағыт-бағдары бұрынғыша. Ол — айнымайтын ақиқаттың ауылы, шынайы шындықтың мекені, ұлы қазақтың ұлттық мүдделері тоғысқан, тоқайласқан кең кеністік. Бұл — оның нағыз өмірлік ұстанымы.

Ендеше, екінші қайырмадағы тақырыбымызға қайта оралайық, шынымен де, оның жазғандары — мықты, ірі.

Сөз аяғында тағы да бір ақ ниетпен атап айтарымыз — Құдай қосқан қосағың Баян екеуің ұл-қыздың қызығын көре беріңдер!

Берікбай ҚАДЫКОВ,
журналист
Қарасай ауданы, Алматы облысы



Студенттік шақ, бір топ қыздармен бірге жүргенде. Курстастар — Сатыбалды Сәуірбай (жоғарыда, сол жақта), Дәулет Төлепбергенов (оң жақта). Төменде осы жолдардың авторы, ортада Көлбай Адырбекұлы.



Соңғы жылдары ақпарат құралдарында сөз бен тіркестерді орынсыз қолдану белең алды. Мәселенің шешімі ретінде сөзді қате қолданудың 2 мыңнан астам нақты мысалы жинақталған сөздік дайындалды. Сөйтіп «Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігі» жинағы өткен жылы жарық көрді. Дегенмен мұндай үлкен еңбек ұмыт қалмауы тиіс. Осыны ескеріп, жиі қолданылатын сөз тіркестерін газет бетінде тұрақты түрде жариялауды жөн көріп отырмыз.

Айтуым керекпін

Мысал: Мен саған бір нәрсе айтуым керекпін.
Дұрысы: Саған бір нәрсе айтуым керек.

Айтқан болғанмын

Мысал: Жалған жүйе туралы айтқан болғанмын. Айтқан, болған деген көсемшенің -ған жұрнағы жалғанған екі естілік қатар қолданылып, тіркес құрай алмайды.
Дұрысы: Жалған жүйе туралы айтқанмын//айтқан едім.

Ақыл-есі кемтар

Мысал: Ақыл-есі кемтарлардың қалтасында қару жүр.
Кемтар сөзі «жарымжан, мүтедек, кемістігі бар» деген мағынада негізінен дене мүшесінің, қол-аяғының кемтарлығы бар жандарға қатысты қолданылады. Ақыл-есі дұрыс емес адамды ақыл-есі кем дейді.
Дұрысы: Ақыл-есі кем адамдардың қалтасында қару жүр.



Астамға жетеді

Мысал: Желдің жылдамдығы секундына 30 метрден астамға жетеді.
Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден туған қате.
Астамға жетеді деген тіркес қазақ тілінің жүйесіне қайшы. Себебі астам сөзі белгілі бір межеден асқан нәрсеге қатысты қолданылады. Ал жетеді сөзі межеге бағытталған нәрсеге қатысты.
Дұрысы: Желдің жылдамдығы секундына 30 метрден асалы.

Аса қажеттілік

Мысал: Пандемия кезеңінде вакцинаға аса қажеттілік туындады.
Күшейту мәнді аса сөзі қажеттілік емес, қажет сөзімен тіркеседі. Ал қажеттілік сөзі ерекше, айрықша сөздерімен тіркеседі. Сондай-ақ кезең сөзінің орнына кез сөзін қолданған жөн.
Дұрысы: Пандемия кезінде вакцинаға ерекше қажеттілік туындады немесе Пандемия кезінде осы вакцина аса қажет болды.

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)
Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №1062;
Бағасы келісім бойынша
Таралымы — 5000 дана
Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.